

Бұл ерліктің астарында үтқа деген шексіз мажаббат жатыр

Біз көбіне жастарды жалынды отқа тәнеп жатамыз. Мұнымыз бекер емес. Басқасын айтпағанда, 1986 жылы Алматының бас алаңында болған жастардың жаппай наразылық шеруінің өзі сол кезде әлемдегі бірінші империя болып саналатын КСРО билігінің өзін қатты састырды емес пе?! Шындал келгенде, жалаңқол жастарды бас алаңға оларды наымысы жетелеп барды.

Был Желтоқсан оқиғасына 37 жыл толады. Бұл оқиғага қатысқандар тек Тәуелсіздік алғаннан кейін таға ақтала бастады. Бүгінде осынау бас көтеруге «ұлтшылдық көрініс» деп берілген саяси бағанын қате тұжырым екені мойындалып, қазір Желтоқсан оқиғасы Қенес Одағының құлауына пәрменді соққы берген алғашқы бас көтеру ретінде қарастырылады. «Желтоқсан әпопеясы» кітабының авторы, ақын Мұхтар Шаханов бір сезінде: «Желтоқсан рухы шын мәнінде біздің ұлтшылдың рухани шындалуы. Сондықтан, біздің бүгінгі таңдағы басты міндет – Желтоқсан рухын қолдау, насиҳаттау» деген екен.

Әрине, желтоқсаншыларға құрметпен қарау, опармен түрлі кездесулер өткізіп, ел наымысы сынға түсетін тұста ерлікке барған іс-әрекеттерін өскелен үрлаққа үлгі ету мақсатында атқарылып жатқан істер аз емес шығар,

дегенмен, мұның бәрі ойдағыдан болып жатыр деп тағы айта алмаймыз. Соның салдарынан шығар, бүгінде елдік мүддеден гөрі жеке басының қамын жоғары қоятын жастар көбейіп түр. Кейде егер 1986 жылғыдан сынсағат туса бүгінгі жастар ар-наымысын алдыға тартып, тағдырын тәуекелге тігіп, алаңға шығар ма еді, шықпас па еді деп те ойлаймын. Қоз алдыңызға елестетіп көрініші, сottaғы соңғы сезінде Қайрат Рыскұлбеков: «Жазықсыз соққыға жығылған қазақ қызын көріп шыдап тұра алмадым. Оны үрүп-согып жатқан жерінен араша туспіп, күткарып қалғаным да рас. Егер осындағы жағдай тағы қайталанатын болса, еш ойланbastan тағы да араша туспектен болар едім» деуі, шын мәнінде де, нағыз ерлік емес пе?! Және мұндағы үстанымдағы үл-қыздарды сол

кездері көптеп кездестіруге болатын еді. Қанша кинаса да рухы сынбаған, Махамбетше айтқанда, «Қабыргасын қаусатып, бір-біріндегі сәксес де» сыр алдырмайтын жастардың көп болуы сайып келгенде, сол кездегі идеологиялық жұмыстарға, тәлім мен тәрбие-ге де байланысты. Баланы жастайынан адалдық пен әділдікке баулып, айналасына мейірім-шуағын шашып жүргүре үйретсен, оның бул қылышы әрбір әрекетінен-ақ көрініп тұрады. Жастардың бетін қайтару үшін мұздай су атқылап, итке талатса да; бір-бірін тастап кетпей, бар қыншылықты бірге көруге бел байлауы олардың адалдығын, үйымшылдығын белдіреді. Қалай болғанда да осыдан 37 жыл бұрын жасалынған ерліктің астарында үткі деген шексіз мажаббат жатыр!

Ресми деректерге сенсек, сол күндері алаңға шыққан жастардың саны жиырма мыңға жетіп жығылған екен. Тергеу камераларына, қаланың сыртына әкетілгендердің саны 8,5 мыңнан асады. Көптеген жастар оқу орындарынан, комсомолдан шығарылды. Оқу орнынан 271 студент қуылса, 787 адам комсомол қатарынан шеттетілген. Бұл цифrlарды біз бекерге келтіріп отырған жоқпыз. Осыдан-ақ олардың өз ұлтшының болашағы үшін қандай әрекетке де бара алатындығын ангаруға болады.

**Кенес БАЙЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың аграрлық
факультетінің доценті,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**